

Кроме того, идет сравнение результатов среза знаний, рейтингового и промежуточного контроля, и дальше осуществляется поиск новых путей повышения эффективности получения знаний обучающимися.

б) Постоянное обновление знаний.

Как известно, наши слушатели уже «на входе» имеют высшее образование, опыт работы на государственной службе, определенный багаж знаний. Поступив в Академию, они обновляют свои знания по программе послевузовского образования, этому способствуют учебные программы, разработанные по модульной системе в соответствии с кредитной технологией. Согласно данной технологии, в учебных программах присутствуют как обязательные к освоению компоненты, так и элективные дисциплины. Обучающийся имеет право свободного выбора тех дисциплин, которые на его взгляд помогут повысить его профессиональный уровень, пополнить и обновить имеющийся багаж знаний. В учебные программы включены компоненты на выбор по фундаментальным профильным, так и прикладным профильным дисциплинам.

Таким образом, в заключение можно отметить, что поставленные перед Академией цели вполне выполнимы. Стремление Академии стать научно-образовательным учреждением в области государственного управления, признаваемым к 2020 году в числе пяти лучших в Центральной Евразии (в регионе СНГ, ШОС, ОЭС), – цель амбициозная, но реалистичная. Исходя из этого, мы уверены в том, что Академия стремительно и успешно движется к ней путем постоянного повышения качества политики обучения.

Мемлекеттік қызметшілер этикасы әлеуметтік мемлекеттегі өзіндік басқару механизмі ретінде

Сандыбаев Ж. С.

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік қызмет институтының енуіне байланысты мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы маңызының артуы, оның әлеуметтік мемлекеттегі өзіндік басқару механизмі ретінде қолданысы жөнінде сөз етіледі. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы қағидаттарымен қатар, жалпы адамзаттық мораль нормаларын орындаудың маңыздылығы айтылады.

Аннотация

В статье рассматривается значение профессиональной этики государственных служащих, ее применение в качестве своеобразного механизма управления в социальном государстве, в связи внедрением института государственной службы. Вместе с принципами профессиональной этики государственных служащих раскрывается значение соблюдения моральных норм нравственности.

Abstract

The article considers the role of professional ethics of civil servants, its application as a mechanism of governance in a social state connected to the integration of civil service institute. Along with the principles of professional ethics of civil servants there is an exposure into the meaning following norms of morality.

1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялады. Мұнда адамның өмірі, құқығы мен еркіндігі ең жоғарғы құндылық болып табылады [1].

Негізгі Заңдағы бұл концептуалды жайт адамның дұрыс өмір сүруі үшін тиісті жағдаймен қамтамасыз етуді мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерді. Мемлекет білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, еңбек құқығы, халық арасында табысы төмен топтарға арнайы жәрдем беру сияқты салаларға демеу көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет институтын енгізуге байланысты мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы мәселесінің маңызы күннен-күнге артып келеді. Бұл әлеуметтік-демократиялық мемлекеттегі қоғамдық қатынастың саяси деңгейін білдіретін арнайы көрсеткіштердің бірі.

Мемлекеттік қызметшілердің басқарушылық кәсібилігі қызметтік міндеттемелерді орындаумен ғана шектелмей, халықтың түрлі әлеуметтік топтарымен қарым-қатынас жасай білу шеберлігін де қамтуы тиіс: басшылар мен бағыныстылар, әріптестер мен өтініш берушілер, азаматтар, үлкендер мен жастар және тағы басқалар. Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормаларын жүйелі түрде қолдана білу шеберлігінің жоғары болуы, олардың басқарушылық қызметтерінің кәсіби деңгейін көрсетеді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы жалпы адамның дұрыс жүріп-тұру норма жүйесіне сәйкес әлеуметтік еңбек жұмысының негізгі екі объектісімен анықталады: біріншісі – мемлекет; екіншісі – адам. Сондықтан мұндай дуализм мемлекеттік қызметші үшін кәсіби этиканың мынадай екі құрылымнан тұратынын көрсетеді:

1) адамдардың бір ортада өмір сүру процесінде қалыптасқан жүріп-тұрудың әмбебап ережелері;

2) кәсіби жұмыстың мамандығымен тікелей байланысты адамгершілік талаптар мен нормалар.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің санасындағы адамгершілік құндылықтарды түбегейлі басқа реттілікте орналастыру қажеттілігі туындады. 2000 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен жаңа Ережелер бекітілді. Бұлардың бекітілуі Қазақстанда қазіргі мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуын және мемлекеттік қызметшілердің халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету мәселелеріне Елбасының өзі жіті назарында ұстап отырғанын көрсетеді. Мемлекеттік қызмет реформасы бұл – осы саладағы заңнамалық және құқықтық реттеу аясында Қазақстанның әкімшілік-саяси өмірінің бір саласы.

Нормативтік құқықтық актілер арасында 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 1550 «Жемқорлықпен күресті, тәртіптілікті нығайту және мемлекеттік орган қызметінің және лауазымды тұлғалардың тәртібін нығайту іс-шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Жарлық маңызды орын алды. Осы Жарлықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің ар-намысы туралы кодексін дайындады. Бұған дейін бұл кодекстің қызметін Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасының ережесі атқарып келді. Сол үшін 2005 жылғы 3 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі» қабылданды. Бұл кодекс әдептілік талаптарын жоғарылатып, мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік мәдениетін жетілдіруге шақырды.

2011 жылғы 1 сәуірде ҚР Президентінің № 1180 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексіне» толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінде мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыруда ұсынылған негізгі ережелер анықталған. Мұнда мемлекеттік қызметкерлерді, құқықты қорғайтын нормативтік актілер, жемқорлыққа қарсы сипаттағы шаралар, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесінің талаптарын бекіту сияқты этикалық нормалар қамтылған. Әсіресе, бұл мемлекеттік қызметшілердің азаматтар мен заңды тұлғалармен қатынасына байланысты көрсетілді. Мысалы, мемлекеттік қызметшілер міндетті:

1. Басқалардың ары мен намысын құрметтеуге;

2. Мемлекеттік биліктің абыройын нығайтуға, азаматтардың мемлекет институттарына деген сенімін арттыруға үлес қосуға;

3. Мемлекеттік және Қазақстан халқының басқа да тілдеріне, алуан түрлі салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

4. Қарапайым болуға, өзінің лауазымдық мансабын көрсетпеуге;
5. Өтініштерді қараған уақытта бюрократизм мен созбалыққа салмай заң белгілеген мерзімде қарауға және тиісті шаралар қолдануға;
6. Конституцияда көрсетілген кепілдемеге сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен бостандығын, заңды қызығушылығын қорғауға және сақтауға;
7. Негізсіз айыптауға жол бермеуге;
8. Сыпайы болуға, өзіне бағыныстылардың абыройын құрметтеуге, оларға әділ және әдепті қарауға [2].

Басқалардың ары мен намысын құрметтеу – әлеуметтік мемлекеттегі басқару этикасының негізгі ұстанымы. Расында да мемлекеттік қызметшілердің этикасы басқалармен іскерлік қатынаста тең құқылы азаматтарға құрметпен қарауды талап етеді. Бұл әлеуметтік, жас шамалық, жыныстық, туыстық және тағы басқа көптеген факторларға байланысты. Мемлекеттік қызметтегі дәстүрлі мәдениетте дәл осы негіздер анағұрлым ықпалды бейнеде көрініс алды. Мысалы, адамның қоғамға сіңірген елеулі еңбегі үшін оған арнайы құрметпен қарауды және тиісті деңгейде көңіл бөлуді қажет етеді.

Сол сияқты адамдардың жас шамасына қарап, байланыс құру этикасы да тарихи қалыптасқан. Мысалы; кішіге ізет, үлкенге құрмет. Мемлекеттік қызметшілер халықпен қарым-қатынас барысында олардың жасына сәйкес қазақ ұлтының осындай менталитеттік ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің іскерлік қатынас этикасында қоғамдық-әлеуметтік байланысты құратын ер мен әйел факторының да өзіндік орны бар. Соған орай ер мен әйелдерге қатысты сөйлеу мәдениеті бар. Мемлекеттік қызметші қабылдауындағы әйелге ізетті, төзімді, дипломатты болуы тиіс.

Басқалардың ары мен намысын құрметтеу дегеніміз, іскерлік қатынасты мемлекеттік қызметші өзінің көңіл-күйіне, физиологиялық немесе эмоционалдық жағдайына сәйкес жасай алмайды.

Халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттік қызметшілердің позитивті практикалық жұмысы мемлекеттік биліктің абыройын нығайтуға, азаматтардың мемлекет институттарына деген сенімін арттыруға үлес қосу болып саналады.

Осы тұста әрбір мемлекеттік қызметшінің позитивті имиджін қалыптастыру мәселесінің маңызы арта түсті. Себебі бұл коммуникативті байланыс каналы мемлекеттік қызмет имиджімен байланысты. Мемлекеттік қызметшінің жеке позитивті имиджін қалыптастыру белгілі технологияларға негізделеді. Бұл өз кезегінде онтологиялық, психикалық, гносеологиялық, семантикалық, этномәдениеттік және әлеуметтік деңгейлерді қамтитын жеке имиджбен байланысты. Жеке имидждің осындай деңгейлеріне сәйкес позитивті құрайтын технологиялар қалыптасады:

- әлеуметтік тәжірибе мен жалпы мәдени нормалар мен құндылықтарды игеру;
- ұлттық тарих, мәдениет, тіл және белгілі этносқа тән дүниетанымды үйрену;
- адамдармен қатынас құру өнерін меңгеру;
- сөйлесу, ашық сөз сөйлеу, пресс-конференция, келісім сөздер мен мәжіліс ұйымдастыру, әңгімелесу, шиеленісті болдырмау, оны шешу жолдарын білу сияқты түрлі өнерлерден хабары болу;
- өзін-өзі жетілдіру мен оқу негізінде кәсіби басқарушылық білімін арттыру, семинарларға қатысу және т. б.
- мінезін, ішкі дүниесі мен темпераментін жүйелеу [3, 35-б.].

Осылайша әрбір мемлекеттік қызметшінің жеке позитивті имиджін қалыптастыру салдарынан мемлекеттік билік абыройының нығаюына, азаматтардың мемлекет институттарына сенімінің артуына үлес қосады.

Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы – мемлекеттік қызметшінің өз беделі,

имиджі. Имидждің көтерілуі – өз ісін терең білуі мен қажымас еңбек, адалдық пен әділдік, қарапайымдылық пен байсалдылық, өзіне де, өзгелерге де талап қоя білушілік және парыз бен жауапкершіліктің дамыған деңгейі. Мемлекеттік қызметшінің басты қызметі болып табылатын адамдармен қарым-қатынастағы басты өндіруші күші, адамдармен жұмыс жасай білушілік. Мемлекеттік қызметші болу, бұл – адамдармен тең қарым-қатынаста, кез келген жағдайдан жол таба білу, өз сезімін басқара білу деген сөз.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік және Қазақстан халқының басқа да тілдеріне, алуан түрлі салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға міндетті. Мемлекеттік қызметшіге бұл міндет практикалық тұрғыдан маңызды. Себебі мемлекеттік қызметшілер үшін мемлекеттік тілді білу ғана жеткіліксіз. Олар мемлекеттік тілге деген құрметті Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының оқып-үйренуіне жағдай жасауы тиіс. Бұл мемлекеттік қызметшінің борышы десек болады. Себебі мемлекеттік қызметшінің кәсіби борышы қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тұра, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі жағынан адамгершілік сипатқа ие. Борыштың объективтік мазмұнының моральдық құндылығы оның ең жоғарғы және әділ міндетті шешуге бағытталумен тығыз байланысты. Адам қоғамдық міндеттерді өзінің жеке міндеттеріндей қабылдап, сезінгенде және өз қызметіне бар жан-тәнімен берілгенде ғана борыш туралы сөз қозғауға болады.

Осыны басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдарға, білім беру мекемелеріне, мәдениет пен ғылым, БАҚ және қызмет көрсету салаларына енуіне күш салуы қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясы 7-бабының 1,2,3 тармақшаларына сәйкес: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйреніп, дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» [4, 5-б.] – делінген.

Қарапайым болу – мемлекеттік қызметші этикасының негізгі құрамдасы. Халық арасында кейбір мемлекеттік қызметшілерге қатысты «Көкірегіне нан піскен», – деген сөз айтылады. Адам өзін құрметтегісі келсе, әуелі басқаларды құрметтеуі тиіс, әйтпесе, мен-мендікке апарады. Мұндай адам уақыт өте қоғамдағы белгілі тұлғаларға немесе әлеуметтік топтарға менсінбеушілікпен қарайды. Д. Карнеги өз нәпсісіне тойып, мас болғандар – іш пыстыратын адамдар деп санайды: «тек өзі туралы айтатын адам – өзін ғана ойлайды. Ал енді өзін ғана ойлайтын адам қанша жерден білімді болса да – мүлдем мәдениетсіз» [5].

Ортағасыр ойшылдары қарапайымдылыққа мынадай анықтама береді: «Егер нәпсісінің көкірегін басқалардан төмен түсіре білсе, бұл – кішіпейілдік. Кішіпейілдіктің жек көрілген деңгейі – тәкаппарлық, ол орташа денгейі кішіпейілдік деп атанады. Ең сүйкімді мәртебесі де осы – орта денгейі. Адам кішіпейілдік қыламын деп, өзін мазақ нысанасына айналдырудан, отбасын ренжітуден абай болғаны жөн. Адамның басқаларға жасаған кішіпейілдігі, аяқта тік тұру, күлімсіреген жүзді болу, сөздеріне көңіл бөлу. Олардың мұқтаждықтарына жәрдемші болу, шақырған жерге бару, жұмсақ болу, өзін олардан жоғары санамау сияқты іс-әрекеттер жасау. Әсіресе адам кішіпейілдік жолында әділдіктен шықпауы қажет. Кішіпейілдіктегі әділдік, әркімнің өз ақысын беру» [6, 123-б.].

Расында да, қарапайым адам өзінің басқалардан артықшылығы мен өзгеше қасиеттерін көрсетуге тырыспайды. Өзіне арнайы жағдай мен күтімді талап етпейді. Алайда практикалық қызмет кейбір жағдайларда мемлекеттік қызметшілерден шешім қабылдай білу мен белсенділікті талап ететіндіктен, олар үшін ұялшақтық пен кербездік артық іс болмақ.

Мемлекеттік қызметші адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға міндетті. Мемлекеттік қызмет саласындағы қызметшілердің басым көпшілігі – абыройын сақтаған адамдар. Бұл қасиет олардың борышты орындауында көрініс табады. Оның ерекшелігі бейбіт өмір кезінде де қайраттылығыты,

ұстамдылықты, өз ісіне жан-тәнімен берілуді талап етумен сипатталады. Әрине, олар өз функцияның маңыздылығы, борышты орындаумен байланысты тұрақты қауіп туралы ешкімге жария салып айтпайды. Олар өз міндеттерін жай ғана атқарады, халық осы үшін де оларға дән риза.

Мемлекеттік қызметшінің абыройын өзі қызмет етіп жүрген ұжымның, бөлімшенің абыройынан бөліп қарастыруға болмайды. Сол себепті де, ол өзінің қызметтес серіктерін ұятқа қалдырарлықтай әрекеттер жасамауға тырысады. Ұжымның абыройы – жеке қызметшінің де абыройы. Абыройды сақтау мемлекеттік қызметшіге тән қасиет. Дұрыс түсінілген абырой мемлекеттік қызметшінің ісіне кедергі жасамайды, керісінше, оны орындауға қосымша күш береді. Ал абыройға табыну жағымсыз сезімдермен ұштасса, онда ол мансапқорлыққа айналады. Сондықтан қолында билік пен түрлі мүмкіндіктері бар мемлекеттік қызметші абыройға табынудан сақ болуы тиіс. Мұндай жағдайда адам өзінің пайдакүнемдік мақсаттарына жету үшін кез келген құралдар мен жолдарды пайдалануға дайын болады.

Ойымызды қорытар болсақ, мемлекеттік қызмет саласында кәсіби этика нормаларымен бірге жалпы азаматтық мораль талаптары да қатар жүретіні мәлім. Жоғарыда баяндағанымыздан белгілі болғандай, мемлекеттік қызметші жеке өмірінде әдепсіз қылықтар жасамауы тиіс. Ол біздің қоғамымыздағы моральдық жүйенің талаптары мен ұстанымдарын орындайды. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер этикасы – әлеуметтік мемлекеттегі өзіндік басқару механизмінің қызметін атқарады десек қателеспеген боламыз.

Әдебиет

1. Попов Л. А. Этика: Курс лекций. – М., 1998. – С. 345.
2. Селюков Ф. Т. Административная этика. – М.: 1998. – С. 183.
3. Федоренко Е. Г. Профессиональная этика. – Киев. 1995. – С. 136.
4. Шепель В. М. Управленческая этика. – М.: 1997. – С. 221.
5. Бергсон А. Два источника морали и религии. – М.: 1994. – С. 320.
6. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фазали. Мизан әл-Ағмәл – Дамаск: Әл-Иақин, 1987. – 250 б.

Интеллектуальный капитал – источник нового богатства

Майдыров С. Г.

Аңдатпа

Автор зияткерлік капиталды индустриялық-инновациялық әлеуетті барынша пайдалану негізінде экономиканы жедел әртараптандыруды қамтамасыз етудің басты факторларының бірі ретінде қарастырады, ол еліміздің әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарына кіру міндеттерін шешу кезінде аса маңызды болмақ.

Аннотация

Автор рассматривает интеллектуальный капитал как один из главных факторов обеспечения ускоренной диверсификации экономики на основе максимального использования индустриально-инновационного потенциала, что приобретает особую важность при решении задачи вхождения страны в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира.

Abstract

The author regards intellectual capital as one of the main factors in putting together the accelerated diversification of economy on the basis of maximum use of industrial-innovative potential garnering special importance in pushing the country to the world's top-50 competitive countries.